

"Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 8 шілде N 855. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.09.06. N 1090 қаулысымен.

1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікті жекешелендіру және қайта құрылымдау бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1-қосымшаға сәйкес "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының құрамынан құрылымдық бөлімшелерді бөліп шығару және олардың базасында заңды тұлға құқығымен дербес мемлекеттік кәсіпорындар құру жолымен оны қайта ұйымдастыру жөніндегі шараларды заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 шілдедегі N 844 P960844_ қаулысымен бекітілген заңды тұлғалардың әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдарға кезең-кезеңмен беру бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Павлодар облысының әкімімен бірлесіп 2-қосымшаға сәйкес "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдарға беру туралы мәселені шешетін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелерін бөліп шығарудың нәтижесінде пайда болған кәсіпорындарды қаржы-экономикалық сауықтыру үшін қажетті инвесторлардың көлемін айқындасын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелерін бөліп шығарудың нәтижесінде пайда болған кәсіпорындардың мүліктік кешендерін қабылдап алу өткізу актісі бойынша оларды сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

5. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік

комитеті көрсетілген мүліктік кешендерді ашық тендерлерде сатуды жүзеге асырсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрі В.В.Храпуновқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 8 шілдедегі
N 855 қаулысына
1 қосымша

"Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының
құрамынан бөлінетін құрылымдық бөлімшелердің
ТІЗБЕСІ

"Богатырь"
"Восточный"
"Северный"
"Степной"
"Майкөбең"
кеніштері

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 8 шілдедегі
N 855 қаулысына
2 қосымша

Жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық
меншігіне берілетін әлеуметтік сала объектілерінің
ТІЗБЕСІ

"Горняк" спорттық-сауықтыру кешені

газ шаруашылығы басқармасы

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК